

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ-МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» АЕЖ-нің АЛМАТЫ ҚАПАСЫ
БҰЛЫНҒАН ФИЛИАЛЫ
түп нөмірі «05.06.2023» ж. таңды
Алғашқы тіркелу күні «1999.20.01»

ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
проиндексна государственной регистрации
юридического лица «05.06.2023»
Дата перерегистрации «20.01.1999»
БСН БИН «990190500385»

**«Қазақстан Халық Банкі»
акционерлік қоғамының жарғысы**

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
акционерлерінің жалпы жиналысының
2023 ж. «25» мамыры № 48 шешімімен
бекітілген**

Алматы
2023

Осы Жарғы бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамының құқықтық жағдайын, ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің, қайта ұйымдастырылуы мен гаратылуының тәртібін, акционерлер мен үшінші тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін, олардың құқықтары мен міндеттерін қорғау шарттарын, Банктің органдары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін анықтайды.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, бұдан әрі «Банктер туралы заң» деп аталатын «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына, бұдан әрі «Заң» деп аталатын «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жаңа редакцияда әзірленді және бекітілді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Банктің атауы

1. Банктің толық атауы:

- а) қазақ тілінде: «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы;
- б) орыс тілінде: акционерное общество «Народный Банк Казахстана»;
- в) ағылшын тілінде: Joint Stock company «Halyk Bank of Kazakhstan».

2. Банктің қысқаша атауы:

- а) қазақ тілінде: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;
- б) орыс тілінде: АО «Народный Банк Казахстана»;
- в) ағылшын тілінде: JSC «Halyk Bank».

2-бап. Банктің құқықтық мәртебесі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, меншік құқығында оқшауланған жеке мүлкі бар және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерді иелене және орындай алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Банктің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуімен және уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - «уәкілетті орган») банк операцияларын жүргізуге берген лицензиясының болуымен анықталады.

2. Банктің меншік түрі – жеке.

3. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде жарғылық капиталдарға қатысу үлесін немесе заңды тұлғалардың акцияларын сатып алуға, сондай-ақ заңды тұлғалар құруға құқылы.

4. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғы мен Банктің ішкі ережелерін басшылыққа алады.

3-бап. Банк пен оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлік шегінде жауап береді.

2. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Акционерлер заңнама актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банк міндеттемелері үшін жауап бермейді және олар Банк қызметімен байланысты, өздеріне тиесілі акциялар құны шегіндегі шығынға тәуекел етеді.

4. Заңда қарастырылған жағдайларды және Банк немесе мемлекет өздеріне осындай жауапкершілікті алған жағдайларды қоспағанда, Банк мемлекеттің міндеттемелері үшін жауап бермейді, ал мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4-бап. Банктің филиалдары мен өкілдіктері

1. Директорлар кеңесінің шешімімен Банк Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы. Банк филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға болып табылмайды және Банктің Директорлар кеңесі бекіткен өздері туралы ережелер негізінде Банк атынан әрекет етеді.

2. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Банк берген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

3. Банктің филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының, сондай-ақ өздері орналасқан мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

5-бап. Банктің еншілес ұйымдары

1. Банк уәкілетті органның алдын ала рұқсаты болған кезде Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тыс жерлерде еншілес ұйымдар құруға немесе сатып алуға құқылы.

2. Банктің еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының және олар орналасқан аймақтардағы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

6-бап. Банк Басқармасының орналасқан жері.

Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы к., Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғ. 40-үй.

II тарау. Банктің қызметі

7-бап. Банк қызметінің түрлері

1. Банк қызметінің мақсаты заңды қызметін жүзеге асыру нәтижесінде кіріс алып отыру болып табылады.

2. Банк уәкілетті органның лицензиясы болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық немесе белгілі бір банктік немесе басқа да операцияларды жүргізеді.

Банк уәкілетті органның ұлттық және шетел валютасында банктік және басқа да операцияларды жүргізуге лицензиясы болған кезде ұлттық, сол сияқты шетел валютасымен банктік және басқа да операцияларды жүргізеді.

3. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және талаптармен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің барлық немесе белгілі түрлерін жүргізуге құқылы.

4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк қызметкерлері мен үшінші тұлғаларды кәсіби даярлықтан өткізуді, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырады.

5. Бағалы қағаздар рыногында Банктің кәсіптік қызметтердің біреуін немесе сыйысымды бірнешеуін жүзеге асыруы үшін лицензияны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган береді.

6. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Қандай да бір қызмет түрін жүргізу үшін уәкілетті органдардың (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда Банк қызметтің осы түрін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін және соған сәйкес жүргізеді.

III тарау. Банктің мүлкі мен капиталы

8-бап. Банктің мүлкі

1. Банктің мүлкі оған жеке меншік құқығымен тиесілі.

2. Банктің мүлкі:

а) орналастырылған акциялардың төлемақысынан;

б) қызмет нәтижесінде алынған кірістен;

в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негіздер бойынша сатып алынған басқа да мүлік есебінен құралады.

9-бап. Банктің жарғылық және меншікті капиталы

1. Жарғылық капитал Банктің қызметін қамтамасыз ету үшін құрылады және орналастырған кездегі акциялардың төлемінен тұрады.
2. Банктің жарғылық капиталын ұлғайту оның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы іске асырылады.
3. Меншікті капиталды және Банк активтерінің құнын, берілген қарыздар мен басқа да активтер бойынша резервтердің (провизиялардың) мөлшерін есептеу әдістемесін уәкілетті орган анықтайды.

10-бап. Банктің резервтік капиталы

1. Банк қызметінің нәтижесінде немесе соған байланысты туындайтын шығындарын жабу үшін Банк уәкілетті орган белгілеген ең аз мөлшерден төмен емес мөлшерде резерв капиталын құрады.
2. Резервтік капитал жай акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін Банктің таза кірісінің есебінен құралады. Резервтік капиталдың және жыл сайынғы аударымдардың көлемі Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында анықталады.

11-бап. Банктің таза кірісін бөлу тәртібі

Банктің таза кірісі (салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін белгілі уақыт сәтіне пайда болған) Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімі бойынша Банктің резервтік капиталын құруға (толықтыруға) жұмсалады, артықшылықты акциялар иесінің дивидендтер алуға басым құқығымен айқындалған кезектілікке сай акционерлер арасында дивидендтер түрінде бөлінеді, сондай-ақ Банктің дамуына немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға жұмсалуды мүмкін.

12-бап. Банк акциялары

1. Акция Банк шығаратын және өзінің түрі мен санатына байланысты акционерлердің мынадай құқықтарын куәландыратын бағалы қағаз болып табылады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен Банкті басқаруға қатысу;
 - 2) дивиденд алу;
 - 3) Банк таратылғанда мүліктің бір бөлігіне;
 - 4) Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде қарастырылған өзге құқықтар.
2. Банк жай акциялар, не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы.
3. Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс құқығы бар Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банктің таза табысы болған кезде дивиденд алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Банк таратылғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігін алу құқығын береді.
4. Банк осы Жарғының 22-бабының 3-тармағына сәйкес кепілдік берілген дивиденд мөлшері бар артықшылықты акциялар шығаруды жүзеге асырады.

Артықшылықты акцияға иелік етуші акционердің жай акция иесіне қарағанда осы Жарғының 22-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленген, алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивиденд алуға, сондай-ақ Заңда белгіленген тәртіппен Банк таратылғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігін алуға басымдық құқығы бар.
5. Банктің артықшылықты акциясы иесінің Банкті басқаруға қатысу құқығы бар, егер:
 - 1) Банк акционерлері жалпы жиналысының шешімі артықшылықты акцияларға иелік етуші акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастырса. Мұндай шектеуге орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі (құны өтеліп сатып

алынғандарын алып тастағандағы) дауыс бергенде аталған мәселе бойынша шешім қабылданған болып саналады.

Шешім қабылдау артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін болатын мәселелерге келесі мәселелер жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшерін есептеу тәртібі өзгергенде немесе көлемі азайғанда;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібі өзгергенде;

артықшылықты акциялар қоғамның жай акцияларына ауыстырылғанда;

артықшылықты акциялар бөлшектелгенде;

2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылықты акциялардың, оларды Банк Заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде құнын анықтау әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы мәселені қарастырады;

3) артықшылықты акциялар бойынша дивиденд Қазақстан Республикасының Заңында немесе заңнамалық актілерінде белгіленген негіздермен дивиденд есептелмейтін жағдайлардан басқа, оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық көлемде төленбесе;

4) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарастырғанда.

6. Банк акциялар бойынша дивидендтердің есептелуі пруденциалдық нормативтердің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мандерден төмен болуына алып келген жағдайда, Банк Басқармасының артықшылықты акцияларға дивиденд есептемеу құқығы көзделетін шығарылым проспектісімен артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы.

13-бап. Банктің басқа бағалы қағаздары

1. Қосымша қаржы тарту үшін Банк Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

2. Облигацияларды шығару, облигациялар бойынша сыйақы төлеу, оларды өтеу және өткізгеннен түскен қаржыны пайдалану талаптары мен тәртібін Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шығарылым проспектісінде (шығарылым талаптары) анықтайды.

3. Туынды бағалы қағаздарды шығарудың талаптары мен тәртібін Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тиісті шығарылым проспектісінде (шығарылым талаптары) анықтайды.

14-бап. Банктің бағалы қағаздарды орналастыру және оларды сатып алу талаптары

1. Банк акцияларын орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі ережелерінде белгіленген әдістермен, тәртіппен және талаппен жүзеге асырылады.

2. Сатып алатын акцияларының толық құнын төлемеген тұлға Банк акционері болып танылмайды.

3. Толық төленбеген акциялар мен Банк сатып алған акциялардың дауыс беру құқығы жоқ және оларға дивиденд төленбейді.

4. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі ережелерімен реттеледі.

5. Банк акционерден (оның келісімімен) оған тиесілі акцияларды кейіннен қайта сату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға қайшы келмейтін басқа мақсаттар үшін сатып ала алады. Осы кезең ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында таза табысты бөлу, дауысқа салу мен жиналымды анықтау Банк сатып алған акцияларды есепке алмастан жүргізіледі.

6. Банктің орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуы, Заңда және (немесе) осы Жарғыда басқалай белгіленбесе, Банктің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

Банк бастамасымен оның орналастырылған сатып алынатын акцияларының саны акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін олардың жалпы санынан бір пайызға асып кетсе, Банк мұндай сатып алу туралы өз акционерлеріне Қазақстан Республикасының бухгалтерлік

есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржы есептілігі депозитарийінің (бұдан әрі – қаржы есептілігі депозитарийі) интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде сатып алынатын акциялардың түрі, саны, бағасы, мерзімі мен сатып алу талаптарын көрсете отырып, хабарландыру беру арқылы жариялайды.

IV тарау. Банк акционерлері. Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

15-бап. Банк акционерлері

1. Банк акционерлері заңды және жеке тұлғалар болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа жағдай қарастырылмаса, Банк акционерлерінің саны мен құрамы шектелмейді.

16-бап. Банк акционерлерінің құқықтары

1. Жай акцияларға иелік етуші Банк акционерлерінің:
 - 1) Заңда және/немесе осы Жарғыда қарастырылған тәртіпке сәйкес Банкті басқаруға қатысу;
 - 2) өз бетінше немесе басқа акционерлермен жиынтықта Банктің бес және одан артық дауыс беруші акцияларының пайыздарына иелік еткен жағдайда, Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Заңға сәйкес қосымша мәселелер енгізуді ұсыну;
 - 3) дивидендтер алып отыруға;
 - 4) Заңда анықталған ақпаратты қоспағанда, Банк қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда анықталған тәртіппен Банктің қаржылық есебімен танысуға;
 - 5) орталық депозитарийден немесе номиналдық ұстаушыдан Банктің бағалы қағаздарына өздерінің меншік құқығын растайтын үзінділер алып отыруға;
 - 6) өз акцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес кепілге салуға және сатуға;
 - 7) Акционерлердің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттар ұсынуға;
 - 8) сот тәртібі бойынша Банк органдары қабылдаған шешімдермен дауласуға;
 - 9) өз атынан жеке өзі немесе басқа акционерлермен жиынтықта Банктің дауыс берілетін акцияларының бес және одан да көп айызына иелік еткен кезде Заңнаманың 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, сот органдарына Банкке Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірген шығындарын өтеу және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының олардың ірі мәмілелерді және (немесе) оның жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдануының нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Банкке қайтару туралы талаппен жүгінуге;
 - 10) өзі немесе басқа акционерлермен бірлесіп Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан көп акцияларын иеленген кезде біруақытта келесі талаптар болған жағдайда:

Банк Басқармасының және (немесе) Директорлар кеңесінің аталған мүшесі не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Банк акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін сот анықтаған;

егер Банк Басқармасының және (немесе) Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Банкке шығындар туындатқаны дәлелденсе, Банк Басқармасы және (немесе) Директорлар кеңесі жеке мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алу;
 - 11) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрату жасап бару және аталған сұрату Банкке түскеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәждемелі жауап алуға;
 - 12) Банк таратылған жағдайда қалған мүліктің белгілі бір бөлігін иеленуге;
 - 13) Заңда белгіленген тәртіппен акцияларды немесе акцияларға айырбасталатын Банктің басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

14) Банк органдары Қазақстан Республикасының заңнама нормалары мен Банк Жарғысы қағидаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға шағымдануға;

15) Акционерлердің жалпы жиналысына Заңнамада көзделген тәртіппен Банк акцияларының көлемін өзгерту немесе олардың түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдауға қатысуға құқығы бар.

2. Артықшылықты акцияларға иелік ететін акционерлердің мынадай құқықтары бар:

1) жай акция иелеріне қарағанда осы Жарғыға сәйкес белгіленген, алдын ала анықталған кепілді мөлшерде басымдықпен дивиденд алу;

2) Банк таратылған жағдайда Заң белгілеген тәртіппен қалған мүліктің белгілі бір бөлігін алу;

3) осы Жарғының 12-бабының 5-тармағында анықталған жағдайда Банкті басқаруға қатысу;

4) Заңда анықталған ақпаратты қоспағанда, Банк қызметі туралы ақпарат алып отыру, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысы және осы Жарғы анықтаған тәртіппен Банктің қаржылық есебімен танысу;

5) орталық депозитарийден немесе номиналдық ұстаушыдан Банктің бағалы қағаздарына өздерінің меншік құқығын растайтын үзінділер алып отыру;

6) өз акцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес кепілге салу және сату;

7) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрату жасау және аталған сұрату Банкке түскеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәждемелі жауап алу;

8) Заңда белгіленген тәртіппен артықшылықты акцияларды басымдықпен сатып алу;

9) Банк органдары Қазақстан Республикасының заңнама нормалары мен Банк Жарғысы қағидаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға шағымдану.

3. Банктің ірі акционерінің (акционер немесе өзара бекітілген келісім негізінде әрекет етуші бірнеше акционер, бұл акционерге (біріккен барлығына) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайызы тиесілі) сондай-ақ:

1) Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Банктің Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа талап арызбен шағымдануға;

2) Банк Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуін талап етуге құқығы бар.

4. Акционерлер осы Жарғыда көзделген өзге де құқықтарға ие бола алады.

5. Осы баптың 1 және 3-тармақтарында белгіленген, акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

6. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарды орындау орган немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақыратын тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

17-бап. Банк акционерлерінің міндеттері

1. Банк акционерлері:

1) акцияларды осы Жарғы мен Заңда қарастырылған тәртіп пен мөлшерде, сондай-ақ тәсілдермен төлеуге;

2) Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктің мәміле жасауына мүдделілігі жөнінде хабарлауға;

3) он жұмыс күні ішінде орталық депозитарийді және (немесе) тиесілі акцияның номиналдық ұстаушысын Банк акциясын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабардар етуге;

4) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңда белгіленген құпияны құрайтын Банк пен оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын акционерлер:

1) Банкпен үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер беруге;

2) уәкілетті органның талабы бойынша құрылтайшылық құжаттарды және Банктің ірі қатысушысын анықтау үшін қажетті басқа да ақпаратты ұсынуға міндетті.

18-бап. Акцияларды иеліктен шығару құқығы. Банк акцияларымен мәміле жасау.

1. Акционерлер өздеріне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес иеліктерінен шығаруға құқылы.

2. Банк өз акциясын сатқысы келетін акционерге бұл акцияны Банктің немесе үшінші тұлғаның акционер ұсынған бағадан жоғары бағамен сатып алатыны жөнінде ұсыныс жасауға құқылы. Мұндай үшінші тұлғалар акцияларды сатып алған кезде акцияларды сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы және сатып алушылардың деректемелері туралы мәлімет болуға тиіс.

3. Өзі жеке немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп бағалы қағаздардың қайталама рыногында Банктің дауыс беруші акцияларының отыз және одан да көп пайызын немесе дауыс берілетін акциялардың басқа көлемін сатып алғысы келген, оны сатып алу нәтижесінде сол тұлғаға жеке немесе оның үлестес тұлғаларымен бірге Банктің дауыс берілетін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі болатын тұлға бұл жөнінде Банктің дауыс беруші акцияларын сатып алуды шамалаған күнге дейін отыз жұмыс күні бұрын Банкке хабарлама жіберуге міндетті. Хабарламада Банктің сатып алынатын дауыс беруші акцияларының саны және шамаланған сатып алу бағасы туралы мәліметтер болуы тиіс.

19-бап. Айырбасталатын бағалы қағаздар

1. Банктің айырбасталатын бағалы қағаздар шығару құқығы бар.

2. Банктің акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығару Банктің жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жүзеге асырылады.

3. Бағалы қағаздарды айырбастау талаптары, мерзімдері мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде анықталады.

4. Банктің бағалы қағаздарын оның жай акцияларына айырбастау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

20-бап. Банктің бір түрдегі орналастырылған акцияларын Банктің басқа түрдегі акцияларына ауыстыру.

1. Банк Банктің бір түрдегі орналастырылған акцияларын басқа түрдегі Банк акцияларына ауыстыруға құқылы.

2. Банктің бір түрдегі орналастырылған акцияларын Банктің басқа түрдегі акцияларына айырбастау шарттарын, мерзімдері мен тәртібін Банк акционерлерінің жалпы жиналысы анықтайды.

21-бап. Банктің акциялары мен басқа да бағалы қағаздарын кепілге беру

1. Банк акционерлері Банктің бағалы қағаздарын кепілге беруге құқылы.

2. Банк акционерінің, егер кепіл талаптарымен өзге жағдайлар қарастырылмаса, кепілге салынған акциялар бойынша дивиденд алуға және дауыс құқығы бар.

3. Банк өзі орналастырған бағалы қағаздарды тек мынадай жағдайларда:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздардың ақысы толық төленген болса;

2) Банкке кепілге берілетін және онда кепілде тұрған бағалы қағаздарының жалпы саны Банк сатып алған акцияларды қоспағанда, Банктің орналастырылған акцияларының 25 (жиырма бес) пайызынан аспайтын болса;

3) кепіл туралы шартты Банктің Директорлар кеңесі мақұлдағанда ғана кепілге қабылдай алады.

22-бап. Акциялар бойынша дивидендтер

1. Жыл және одан көп уақыт қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кепілдендірілген мөлшерін төлеу туралы шешімді Банк акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы есебінен Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Жай акциялар бойынша дивидендтерді Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде жылына екі реттен асырмай төлейді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің Банк Жарғысында белгіленген кепілдендірілген мөлшерін төлеу Банк акционерлерінің жалпы жиналысының тиісті шешім қабылдауын талап етпейді және Банк Жарғысында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

2. Банктің бір жай акциясына есептелген түпкілікті дивиденд мөлшерін Банктің Директорлар кеңесінің ұсынысымен Банк акционерлерінің жалпы жиналысы белгілейді.

3. Банктің бір артықшылықты акциясына кепілдік берілген дивиденд 0,01 теңге мөлшерінде белгіленеді.

4. Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеудің кезеңділігі – жылына бір рет.

5. Банк артықшылықты акцияға иелік етуші акционерлерге дивиденд төлеу туралы Заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде хабарлайды.

6. Дивиденд алуға құқы бар акционерлердің тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дивиденд төлеу басталатын күннің алдындағы күнге жасалады.

7. Банк бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейінгі таза табыстың белгілі бір пайызын қызметкерлерге бөлуге, оның ішінде ақшалай сыйақы немесе акция түрінде бөлуге құқылы.

Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу Банк акцияларын ұстаушылар тізбелерінің жүйесінде өзекті деректемелері бар және дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін жүргізілмейді.

8. Заңда және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда, Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге болмайды.

V тарау. Банктің органдары

23-бап. Банктің органдары

1. Банк органдары мыналар болып табылады:

1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқару органы – Басқарма, оны Басқарма Төрағасы деп аталатын (бұдан әрі – Басқарма Төрағасы) Төраға басқарады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкте басқа да органдар мен комитеттер, оның ішінде Банктің ішкі кредит саясатын жүзеге асыратын орган – кредит комитеті де (кредит комитеттері) құрылады.

24-бап. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады. Банк акционерлерінің жылдық жиналысынан өзге барлық жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

2. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейінгі бес айдан аспайтын мерзімде өткізілуі тиіс. Бұл мерзім есеп беру кезеңіндегі Банк қызметінің аудиті аяқталмаған болса, үш айға ұзартылған болып есептеледі.

3. Жыл сайынғы акционерлердің жалпы жиналысында Банктің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, Банктің өткен қаржылық жылдағы таза табысты бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері анықталып, акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жолдаулары және қарастыру қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылданатын шешімі Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.

25-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті

1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Банктің Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) басым сатып алу құқығын қолданбай, Банктің орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;
- 4) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 5) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 6) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту талаптары мен тәртібін анықтау;
- 7) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздардың шығарылымы туралы шешімдерді қабылдау;
- 8) бір түрде орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін анықтау;
- 9) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, мұндай бөлшектеу шарттарын, мерзімдері мен тәртібін анықтау;
- 10) өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигацияларды шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын анықтау;
- 11) есептеу комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 12) Банктің Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы мен шығыстардың өтемақы мөлшерін және төлеу талаптарын анықтау;
- 13) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 14) аудиттелген жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 15) Банктің есепті қаржылық жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту;
- 16) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 17) Банк акцияларына ерікті түрде делистинг жасау туралы шешім қабылдау;
- 18) Банктің басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы шығу туралы шешім қабылдау;
- 19) Банктің жалпы жиналысты шақыру туралы акционерлерін хабарлау нысанын анықтау;
- 20) Банк Заңға сәйкес акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алғанда акциялардың құнын анықтау, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу әдістемесін бекіту;
- 21) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

22) Банк қызметкерлерін, Банк Басқармасы мен Директорлар кеңесінің мүшелерін ынталандырудың Банк акцияларына опцион беруді немесе акциялар бойынша өзге төлемді қарастыратын тәртібін, сондай-ақ мұндай тәртіпке енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

23) Банктің ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдауы, оның нәтижесінде Банк активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да артық пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күнгі Банк активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да артық пайызын құрайтын мүлік сатып алынады немесе иеліктен шығарылады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін);

24) қабылданатын шешімі Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылуы мүмкін басқа мәселелер.

2. Осы баптың 1-тармағының 2)-5) және 20) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Банктің жалпы дауыс беруші акциялары санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының осы баптың 1-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешімі Банктің жалпы дауыс беруші акциялар санының қарапайым дауыс беру басымдылығымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелер бойынша шешімдері Заңда басқа жағдай белгіленбеген болса, Банктің жалпы дауыс беруші акциялар санының қарапайым дауыс беру басымдылығымен қабылданады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде басқа жағдай қарастырылмаса, шешімінің қабылдануы Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер басқа органдардың, Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне берілмейді.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқығы бар.

26-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және дайындық тәртібі

1. Акционерлердің жалпы жиналысын Банктің Директорлар кеңесі шақырады, ал кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысы Банктің Директорлар кеңесінің бастамасымен және (немесе) ірі акционердің бастамасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде анықталған басқа жағдайларда шақырылады.

2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады және Банк бастамасымен Банктің корпоративтік интернет ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімде қосымша басылуы мүмкін.

Заңнамада белгіленген және Банк бекіткен келісімдерге сәйкес жекелеген жағдайларда Банк акционерлерге Жалпы жиналыстың өткізілетіндігі туралы Банктің шешіміне сәйкес Банктің бағалы қағаздары айналымға жіберілген кез келген қор биржасының листинг талаптарына сәйкес келетін басқа да тәсілдермен, оның ішінде өзге бұқаралық ақпарат құралдарын, Интернет жүйесін пайдалану, Банк филиалдарында хабарлама орналастыру арқылы акционерлерге қосымша хабар жіберуге құқылы.

3. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу және өткізу жұмыстарын Банк Басқармасы мен (немесе) Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

4. Ірі акционердің бастамасы бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері Заңмен анықталады.

5. Директорлар кеңесі талқылауға қойылатын сұрақтарды нақты тұжырымдау арқылы Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін құрастырады. Күн тәртібі Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған Банктің дауыс беруші акцияларының көпшілік дауысымен Акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу Заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

6. Күн тәртібі бойынша материалдар, акционерлерге танысу үшін Акционерлердің жалпы жиналысы болатын күннен он күн бұрын ұсынылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ақпараттар мен құжаттарды қамтуы тиіс.

27-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі.

1. Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк акционерлері ретінде Банк орталық депозитарий ұсынған және Банк акционерлерінің тізілімі құрастырылатын күнгі жағдай бойынша дайындалған Банктің акционерлер тізіліміне енгізілген акционерлер қатысады және дауыс бере алады.

2. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің әр акционері «бір акция – бір дауыс» принципімен дауыс беруге құқылы.

3. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселе бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға құқығы бар. Заңды тұлға өкілдері Акционерлердің жалпы жиналысына оларға берілген сенімхаттың негізінде қатысады. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе сәйкес оның мүддесін білдіруге құқылы тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселе бойынша дауыс беруге сенімхат қажет емес.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционер мұндай акционерлердің (қатысушылардың) тіркелген елі туралы ақпарат Банкте болмаған жағдайда, оның акционерлерінің (қатысушыларының) Банктер туралы заңның 17-бабы 5-тармағының талаптарын орындағаны туралы көрсетілетін өтінішін ұсынады.

Мұндай өтінішті тапсырмаған акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға жіберілмейді.

Өтініште көрсетілген ақпараттың дәйексіздігі немесе Банктер туралы заңның 17-бабының 5-тармағында көрсетілген талаптардың бұзылғандығы анықталған жағдайда:

1) егер шешім үшін дауыс беруші акциялардың басым көпшілігі дауыс берген жағдайда (өтінішті ұсынған акционердің дауыс беруші акцияларын есепке алмағанда), Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі аталған акционердің дауысын есепке алмастан, қабылданған болып есептеледі;

2) өтінішті ұсынған акционердің дауысы шешуші болған жағдайда, бұл жағдай Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органның немесе мүдделі тұлғалардың талабымен Акционерлердің жалпы жиналысының шешімін жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.

4. Артықшылықты акцияларға иелік ететін Банк акционерлері жүзбе-жүз тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және олар қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар.

Егер акционерлердің жалпы жиналысында, шешімі артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселе қарастырылса, осындай шектеу үшін артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екі бөлігі (сатып алынғандарын алып тастағандағы) дауыс берген жағдайда ғана мұндай шешім қабылданған болып есептеледі.

5. Банк Басқармасының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқықтары жоқ. Мұндай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты көрсетулері бар сенімхатқа негізделген жағдайлардан басқа, Банк қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысына акционерлердің өкілі ретінде қатысуға құқықтары жоқ.

6. Акционерлердің жалпы жиналысына шақырылған адамдар, лауазымды тұлғалар және осы жиналысты дайындауға және өткізуге қатысатын Банктің басқа да қызметкерлері қатыса алады және сөз сөйлеуге мүмкіндіктері бар.

7. Кепілге салынған акциялар бойынша дауыс беру кепіл шартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Дауыс беру қорытындысы бойынша есептеу комиссиясы немесе Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс есебін шығаруға уәкілетті тұлға, дауыс беру қорытындысы бойынша хаттаманы құрастырып, қол қояды. Дауыс беру туралы хаттама жасалып, Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін дауыс беру бюллетеньдеріне мөр басылып, Банк архивіне сақтауға өткізіледі.

9. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ жиналысқа қатысу үшін акционерлер тізіміне енгізілген акционерлерден дауыс беретін акцияларды сатып алған, жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызынан астамын иеленетін тұлғалар тіркелген болса, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы.

Бұл ретте жаңа акционерлер Банк акцияларына меншік құқығын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

10. Кворум болмауы себепті өткізілмеген жиналыстың орнына қайта шақырылған Акционерлердің жалпы жиналысы, егер тіркеу аяқталған сәтте жиналысқа қатысуға барлығы қосылып Банктің дауыс беруші акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген болса, заңды деп танылады.

11. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерді ашық немесе жасырын дауыс беру жолымен қабылдайды.

12. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлайды.

13. Банк Басқармасының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды.

14. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Банк акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында баяндалатын мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

15. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен келіспеген жағдайда акционер ерекше пікір білдіруді талап етуге құқылы, ал хатшы осы акционердің ерекше пікірін хаттамаға енгізуге міндетті.

16. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей ресімделуі тиіс.

17. Жүзбе-жүз тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына жиналыс төрағасы, хатшысы және есеп комиссиясының мүшелері қол қояды.

28-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін сырттай дауыс беру арқылы қабылдау

1. Банк акционерлері жалпы жиналыстарының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы Банк акционерлерінің өздері келіп дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.

2. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру үшін бюллетень оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберілуі тиіс.

3. Сырттай дауыс беру кезінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер пайдаланылуы қажет.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің – жеке тұлғаның (акционердің – жеке тұлғаның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, қолтаңбасы қойылуы тиіс.

Акционердің – заңды тұлғаның (акционердің – заңды тұлғаның өкілінің) сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы қолтаңба қоюы тиіс.

Акционердің – жеке тұлғаның не акционер – заңды тұлға басшысының не акционер – жеке тұлға өкілінің не акционер – заңды тұлға өкілінің қолтаңбасы қойылмаған сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жарамсыз деп танылады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілі қолтаңба қойған жағдайда сырттай дауыс беру бюллетеніне сенімхаттың немесе акционер өкілінің өкілеттігін растайтын өзге құжаттың көшірмесі қоса тіркеледі.

5. Дауыс беру кезінде Банк Акционерлердің жалпы жиналысының қатысушыларын тіркеу (аралас дауыс беру кезінде) сәтінде не сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді берудің түбегейлі күнінен кешіктірмей алған бюллетеньдер ғана пайдаланылуы мүмкін.

6. Сырттай дауыс беру нысанымен қабылданатын шешімдер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қажетті кворум сақталған кезде күші бар деп танылады.

7. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері қолтаңба қояды.

Сырттай дауыс беру қорытындылары Банк акционерлеріне қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде және осы Жарғыда анықталған тәртіпте Акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде жариялану арқылы жеткізіледі.

29-бап. Банктің Директорлар кеңесі

1. Банктің Директорлар кеңесі Банк қызметіне жалпы басшылық жасайтын Банктің басқару органы болып табылады.

2. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысымен Директорлар кеңесінде бір орынға бір үміткер ұсынылған жағдайды қоспағанда, кумулятивті дауыс беру арқылы сайланады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын Банк Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толық беруге немесе оларды бірнеше кандидаттың арасында бөлуге құқылы. Дауыстардың басым көпшілігін жинаған кандидаттар Банктің Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп кандидаттар тең мөлшерде дауыс жинаса, мұндай кандидаттар үшін акционерлерге бірдей мөлшерде дауыс жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивті дауыс беру бюллетендерін ұсыну арқылы қосымша кумулятивті дауыс беру өткізіледі.

3. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі осы Жарғы мен Заңда қарастырылған тәртіппен Банктің Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін сәтте аяқталады.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Банк Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің (барлық мүшесінің) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Банктің Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің (мүшелерінің) өкілеттіктері оның (олардың) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған күннен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Банктің Директорлар кеңесінің өкілеттігі аяқталу мерзімінде бір уақытта бітеді.

5. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасымен оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілетін жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесінің өкілеттігі тоқтатылған кезде Директорлар кеңесінің отырысындағы күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім осы баптың

17-тармағында белгіленген кворум сақталған жағдайда және осы шешімді қабылдау үшін Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы баптың 17-тармағында белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесінің жана мүшелерін сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

6. Директорлар кеңесі мүшелігіне тек жеке тұлға ғана сайлана алады. Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға – акционерлер, Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар, Банк акционері болып табылмайтын және (немесе) акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесі мүшелігіне сайлауға ұсынылмаған жеке тұлға арасынан сайлануы мүмкін.

7. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес жүктелген функцияларды өзге тұлғаларға тапсыруға құқылы емес.

8. Банк Директорлар кеңесін ұстау шығысы Банктің тиісті кезеңдегі бюджет шеңберінде Банк Басқармасын ұстау шығысынан аспауы қажет.

9. Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы қажет.

10. Банк Директорлар кеңесінің мүшелері уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келісілуі тиіс.

11. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды.

Басқарма Төрағасы лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

12. Банк Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына Банктер туралы заң талаптарына сай келмейтін тұлға тағайындалмайды (сайланбайды).

13. Банк Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Төраға Банк Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етеді.

14. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Ішкі аудит қызметінің, Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық мекеменің, Банктің ірі акционерінің талабы бойынша шақырылады.

15. Отырыс өткізу туралы хабарлама Директорлар кеңесі мүшелеріне, егер Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелердің сипатына байланысты өзге мерзімді белгілемесе, отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жазбаша түрде отырыстың күнін, уақытын, өтетін жері мен күн тәртібін көрсете отырып жолданады.

16. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы жөнінде Банк Басқармасын алдын ала ескертуге міндетті.

17. Банк Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының, тәуелсіз директорлардың біреуін қоса алғанда, жартысынан кем болмауы тиіс. Бұл ретте отырыста бола алмаған Директорлар кеңесінің мүшелері қарастыруға шығарылатын барлық мәселелерді талқылауға және олар бойынша дауыс беруге телефон байланысы немесе отырысты өткізу орнында қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесін нақты сәйкестендіруге және Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің сөздерін және ойларын, қабылдап жатқан шешімдерін дәл қабылдауға мүмкіндік беретін өзге байланыс арқылы қатыса алады.

Банк Директорлар кеңесі отырыс өткізу орнында болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен шешім қабылдаған жағдайда, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында Директорлар кеңесінің осы мүшесі шешімдерді қарауға және қабылдауға телефон байланысын немесе отырысты өткізу орнында қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесін нақты сәйкестендіруге және Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің сөздерін және ойларын, қабылдап жатқан шешімдерін дәл қабылдауға мүмкіндік беретін өзге байланыс арқылы қатысқаны туралы жазба болуы тиіс. Бұл жағдайда Директорлар кеңесінің осы мүшесі Банк Директорлар кеңесінің

хатшысына қабылданған шешімдер бойынша оның дауыс беруінің нәтижелерін растайтын жазбаша құжатты жеке қолына табыстауы тиіс немесе пошта байланысы құралдары арқылы Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күнінен бастап бір айдан кешіктірмей жолдауы тиіс. Бұл ретте Банк Директорлар кеңесі мүшесі осы жазбаша құжаттың көшірмесін факсимильдік немесе электронды байланыс арқылы Банк Директорлар кеңесінің хатшысына отырыс өткен күннен кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей жолдауы тиіс.

18. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

Осы Жарғының 30-бабының 3-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банк Директорлар кеңесінің шешімдері Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен немесе сауалдама (сырттай дауыс беру) тәртібімен Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысы болған жағдайда қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Банк Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы (жүзбе-жүз қатысу отырысы өткізілген немесе отырыс өткізілмеген кезде) немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы (жүзбе-жүз қатысу отырысы өткізілген кезде) шешуші болып табылады.

19. Жүзбе-жүз тәптіште өткізілген отырыста Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдері отырыс өткізілген күннен бастап жеті күннің ішінде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен ресімделеді.

20. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе отырысына төрағалық етуші мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қояды.

21. Банк Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру тәртібімен қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердің кворумы жеткілікті болғанда қабылданған болып танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі (Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасы) жазбаша түрде ресімделуі тиіс және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюы қажет.

22. Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз және сырттай отырыстарының хаттамалары Банк архивінде сақталады және Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың талабы бойынша танысу үшін және (немесе) Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз және сырттай отырыстары хаттамаларының Директорлар кеңесі хатшысының қолтаңбасымен расталған үзінді көшірмелерін беру арқылы ұсынады.

30-бап. Банк Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Банктің Директорлар кеңесі Заңмен және (немесе) осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер шешімінен басқа, Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2. Банк Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жайғдайларда Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын анықтау немесе Банктің даму жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын анықтау;

4) Заңда қарастырылған мәселелерді Банк акционерлерінің жалпы жиналысына шешуге қою;

5) Банктің жарияланған акцияларының саны шегінде орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, орналастыру (өткізу) әдісі мен бағасы туралы, оның ішінде акциялардың листингісіне жататын бағалы қағаздарды немесе Банктің халықаралық биржадағы депозитарлық қолжаттарын орналастыруға ұсыныс туралы шешім қабылдау;

6) Заңда көзделген жағдайларда, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Банктің акцияларын немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;

- 7) Банк орналастырған акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу құны туралы шешім қабылдау;
- 8) Банктің жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;
- 9) Банктің туынды бағалы қағаздары мен облигациялар шығару талаптарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 10) Банк Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 11) Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарын анықтау;
- 12) Банктің Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіліктерінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Банктің Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Банктің Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің көлемі мен талаптарын және сыйлықақы беру талаптарын анықтау.
- 13) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы талаптарын анықтау;
- 14) Бас комплаенс-бақылаушыны, Тәуекел-менеджмент басшысын тағайындау және лауазымнан босату;
- 15) Банктің ұйымдастыру құрылымын бекіту.
- 16) Аудиторлық ұйымның қаржы есептіліктің аудиті үшін қызметтерін төлеу мөлшерін, сондай-ақ Банк акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 17) тиісті жылға Банктің бюджетін бекіту және оның орындалуына бақылауды іске асыру;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын, Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Басқармасы қабылдайтын құжаттардан басқа, Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (ережелер, саясаттар), оның ішінде аукциондарды өткізу және де Банктің бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін анықтайтын ішкі құжаттарды бекіту;
- 19) Банк филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, мұндай ережелерді бекіту;
- 20) басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан артық пайызын Банктің сатып алуы (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;
- 21) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан артық пайызы Банкке тиесілі заңды тұлғаның Акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын Банк қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 22) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын ақпараттарды анықтау;
- 23) осы Жарғының 25-бабы 1-тармағының 23) тармақшасына және Заңның 73-бабы 3-1-тармағына сәйкес Банк акционерлері жалпы жиналысының ірі мәмілелер жасау туралы шешімін қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіпте ірі мәмілелерді және жасалуында Банктің мүдделігі бар мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдау;
- 24) Банктер туралы заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банкпен ерекше қатынастармен байланыстағы адамдармен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 25) Банк міндеттемелерін Банктің меншікті капиталы мөлшерінің он және одан артық пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 26) Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мен өтемақы талаптарына қатысты ұсыныс айту;
- 27) Директорлар кеңесі комитеттерін құру, Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелерді бекіту және Директорлар кеңесі комитетінің мүшелерін сайлау;
- 28) Банктің Корпоративтік басқару кодексін және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;

29) Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген ынталандыру тәртібіне сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелерін қоспағанда, Банк қызметкерлеріне сыйақы берудің Банк акцияларына опцион беруді немесе өзге төлемдер ұсынуды қарастыратын айрықша талаптарын, сондай-ақ мұндай талаптарға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

30) Қазақстан Республикасының және/немесе өзге елдердің қор биржаларында Банктің бағалы қағаздары листингін тоқтату туралы шешім (акциялардан басқасы);

31) Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес шешім қабылдау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылуы мүмкін басқа да мәселелер.

3. Банк Басқармасының Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселелерді қоспағанда, осы баптың 2-тармағында белгіленген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері осы Жарғының 29-бабының 18-тармағында анықталған тәртіппен қабылданады.

Банк Басқармасының Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы дауыс санының кем дегенде үштен екісін құрайтын көпшілік дауыспен қабылданады. Бұл ретте Басқарма Төрағасының лауазымына сайлануға кандидат болып табылатын немесе, тиісінше, Басқарма Төрағасы болып табылатын Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі аталған мәселелер бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.

4. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының және Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер шешім қабылдау үшін Банк Басқармасына берілмейді.

5. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдделер қайшылықтарын, оның ішінде Банктің мүлкін заңсыз пайдалану және мүдделілік бар мәмілерге қол қою кезінде қиянат жасауды бақылауы және мүмкіндігінше жоюы;

2) Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүргізуі тиіс.

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің, оның ішінде тәуелсіз директорлардың басым көпшілігі Директорлар кеңесінің тиісті отырысында осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда Директорлар кеңесі төмендегі мәселелердің кез келгені бойынша (егер мұндай мәселе Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған болса) шешім қабылдай алады немесе осы мәселелердің кез келгенін Акционерлердің жалпы жиналысында қарастыруға (егер мұндай мәселе Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған болса) ұсынады:

1) Банктің жай акцияларының он пайыздан астамына иелік етуші акционермен және Банкпен мәміле жасау, егер мәміле сомасы Банктің меншікті капиталының жалпы сомасының елу және одан артық пайызын құрайтын болса;

2) Банк Жарғысын, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;

3) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;

4) Директорлар кеңесі комитетінің құзыретін бекіту және өзгерту, сондай-ақ оның мүшелерін сайлау;

5) Банктің орналастырылған жай акциялары жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайызынан асатын мөлшердегі Банктің жай акцияларын орналастыру;

6) осы Жарғының 25-бабы 1-тармағының 23) тармақшасына сәйкес Банк акционерлері жалпы жиналысының ірі мәмілелер жасау туралы шешімін қоспағанда, ірі мәмілелерді (құны Банк активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Банк сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы) бекіту туралы шешім қабылдау;

7) нәтижесінде сатып алуға немесе сатуға жататын Банктің жай акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспайтын мөлшерде Банк шығарылған жай акцияларын сатып

алуы немесе Банктің өзі сатып алған жай акцияларын сатуы мүмкін мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы шешімдер қабылдау;

8) Банк міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

9) Банкті ерікті түрде тарату немесе қайта құру туралы ұсыныстар енгізу;

10) Қазақстан Республикасының және/немесе өзге елдердің қор биржаларында Банктің бағалы қағаздары листингін тоқтату туралы шешім қабылдау (акциялардан басқасы);

11) қаржылық жыл қорытындысы бойынша Банкке аудит жүргізуші аудиторлық ұйымды анықтау жөнінде ұсыныс беру.

Осы Жарғының 30-бабының 6-тармағында аталған кез келген мәселені қарастырғанда тәуелсіз директорлар Банк қаражаты есебінен әрі Банктің Директорлар кеңесі Төрағасымен алдын ала келісілген талаптармен кәсіби консультанттардан (оның ішінде заңдық және қаржылық) ұсыныс алуға құқылы.

7. Директорлар кеңесі мүшелерінің жасалуына өздері мүдделілік танытқан кез келген мәмілені қарастыруға және оған қатысты шешім қабылдауға қатысу құқығы жоқ. Осы Жарғының 30-бабының 6-тармағында аталған мәселелерді қарастырғанда тәуелсіз директорлардың қайсыбірінің мүдделілігі бар болған жағдайда тәуелсіз директорлардың көпшілігі Банктің мұндай мәміле жасауына мүдделі емес тәуелсіз директорлардың жалпы санынан анықталады.

8. Банктің Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәміле жасасуына байланысты кез келген банктік операция мәміле бойынша тұлға Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлға болып табылмайтындай шарттарда жасалуы тиіс. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер банк қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жасалады.

31-бап. Басқарма

1. Басқарма Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады, Банк атынан әрекет етеді, сонымен қатар оның мүддесін білдіреді, Банк атынан осы Жарғы мен Заңда белгіленген тәртіппен мәмілелер жасайды, Банктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді.

2. Банк Басқармасы Басқарма Төрағасынан және Банк Басқармасының басқа да мүшелерінен тұрады. Басқарманың сандық және дербес құрамын Банк Директорлар кеңесі анықтайды.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келісілуі тиіс.

Банк Басқармасының Төрағасы мен мүшелері Банк мүддесі үшін әрекет етуге тиіс, Банктің ағымдағы қызметіне басшылық жасау үшін қажетті мінсіз іскерлік беделі, кәсіптік біліктілігі болуы тиіс, Банк қызметі саласы мен басқару саласында да арнайы білімі болуы керек.

3. Басқарма мүшелігіне тек жеке тұлға ғана сайлана алады. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесі және (немесе) Банк акционерлері ұсынған адамдардың ішінен сайланады.

Банк Басқармасының мүшесі лауазымына Банктер туралы заңда қарастырылған талаптарға сәйкес келмейтін тұлға сайланбайды (тағайындалмайды).

4. Банк Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Банк атынан Басқарма Төрағасымен жасалынатын еңбек шартына Банк Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Банк Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға кол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен Банк атынан жасалатын еңбек шарттарына Басқарма Төрағасы қолын қояды.

Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, осы Жарғымен және жеке еңбек шарттарымен анықталады.

5. Банк Басқармасы мүшесінің басқа ұйымдарда қызмет атқаруына тек Банктің Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

6. Басқарманы қажеттігіне қарай Басқарма Төрағасы немесе оның орнында уақытша отырған тұлға, болмаса Басқарма мүшелерінің кем дегенде үштен бір бөлігінің талап етуімен шақырады.

7. Басқарма отырысы Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысқанда заңды болып табылады.

Басқарма отырысын Басқарма Төрағасы немесе оның орнында уақытша отырған тұлға жүргізеді.

8. Басқарма отырысында қарауға шығарылған мәселелер бойынша шешім отырысқа қатысушы Басқарма мүшелерінің жалпы дауыс санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыс саны тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма отырысына қойылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін және Басқарманың сырттай отырысының хаттамасы ретінде ресімделеді.

9. Басқарма шешімдері жүзбе-жүз немесе сырттай отырыстың хаттамасы арқылы ресімделіп, хаттамаға отырысқа/талқылауға қатысқан Басқарманың барлық мүшелерінің қолы қойылуы тиіс және дауыс беруге ұсынылған барлық сұрақтар, ол сұрақтар бойынша әрбір Басқарма мүшесінің дауыс беру нәтижелері қамтылуы қажет.

10. Басқарма отырыстарының хаттамаларын отырыс хатшысы жүргізеді.

Басқарма шешімімен келіспеген жағдайда Басқарма мүшесі ерекше пікір білдіруді талап етуге құқылы, ал хатшы оның ерекше пікірін хаттамаға енгізуге міндетті.

Басқарма отырысының хаттамасы оған осы отырысқа қатысқан Басқарма мүшелері мен отырыс хатшысы қол қойғанда ғана заңды деп танылады.

32-бап. Басқарманың құзыреті

1. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және Банк Акционерлері жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын кез келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілетті.

2. Басқарма мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Банктің даму стратегиясын әзірлейді, Банктің даму стратегиясының орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Банктің өзге органдарының құзыреті бойынша бекітілетін құжаттардан басқа Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекітеді;

3) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, өкілеттік және жауапкершілік аясын бөледі;

4) Банктің бюджетін бекітеді және оның орындалуына мониторинг жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына қаржы есептілігін ұсынады;

6) осы Жарғыда және (немесе) Банктің ішкі қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;

7) Банктің өзге органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес үшінші тұлғаларға берілетін банк заемдарының (кепілдік, кепілгерлік) мөлшерін белгілейді (лимиттер орнатады);

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын тағайындау (сайлау) туралы шешім қабылдайды;

9) Банктің штатын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін бекітеді, өзінің құзыреті шегінде айып салу мен мадақтау ұсынуды реттейтін ішкі ережелерді бекітеді;

10) Банктің ұйымдық құрылымын әзірлейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұжымдық шарттар жасау туралы шешімдерді қарайды және шешім қабылдайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға қайшы келмейтін және Банктің басқа органдарының құзыреттеріне жатқызылмаған өзге функцияларды жүзеге асырады.

3. Банк Басқармасы өз құзыретіне жататын ең маңызды мәселелерді қарастыру үшін жұмыс органдарын немесе комитеттер құруға құқылы.

4. Осы Жарғы негізінде Басқарма Төрағасының орынбасарлары Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Банк атынан өкілдік ету құқығына сенімхат беруге құқылы.

33-бап. Басқарма Төрағасы

1. Басқарма Төрағасын Банктің Директорлар кеңесі сайлайды және Банк қызметін оралымды басқаруды жүзеге асырады.
2. Басқарма Төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) Банк Басқармасының жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 4) Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Банк атынан әрекет етуге сенімхат береді;
 - 5) Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банк қызметкерлерін жұмысқа алады, орнын ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы мен жалақыға дербес үстемеақы мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына және Банктің Ішкі аудит қызметіне кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін анықтайды;
 - 6) өзі уақытша жоқ болған кезде өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктейді.
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен Банктің мүлкі мен қаржысына иелік етеді;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға қайшы келмейтін, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен анықталған және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын басқа да функцияларды жүзеге асырады.

34-бап. Банктің Кредит комитеті

1. Банктің Кредит комитеті ішкі кредит саясатын жүзеге асыратын, тұрақты әрекет етуші алқалық жұмыс органы болып табылады. Банкте бірыңғай Кредит комитеті немесе бірнеше кредит комитеті жұмыс істеуі мүмкін. Банктің Кредит комитеттерінің қызмет ерекшеліктерін нақтылайтын өз атаулары болуы мүмкін.
2. Ішкі кредит саясаты туралы ережені, сондай-ақ оның өзгерістері мен толықтыруларын, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.
3. Кредит комитетінің (кредит комитеттерінің) қызметі мен шешім қабылдау тәртібі Банктің Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі ережелерімен реттеледі.

VI тарау. Банктің қаржы есептілігі мен аудиті. Банктің ақпаратты ашуы. Банктің құжаттары

35-бап. Банктің қаржылық (операциялық) жылы. Есеп және есептілік

1. Банктің қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтардан басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.
2. Банк өзі жүргізетін операцияларды қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.
3. Банктің бухгалтерлік есеп жүргізу саясатын Банктің Директорлар кеңесі анықтайды.

36-бап. Жылдық қаржылық есептілік

1. Банктің жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік баланстан, пайда және залал туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес басқа есептіліктерден тұрады.

2. Банк Басқармасы жыл сайын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында талқыланып, бекітілуі үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудиті жүргізілген жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Қаржылық есептіліктен басқа Басқарма Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына аудиторлық есепті ұсынады. Жылдық қаржылық есептілікті Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін кемінде отыз күн бұрын Банктің Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі тиіс.

Аудиттелген жылдық қаржылық есептілік Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында түпкілікті бекітіледі.

3. Банк жыл сайын қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында уәкілетті орган белгілеген мерзімде және тәртіпте шоғырландырылған қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

Ірі мәміле немесе оны жасауда мүдделілік бар мәмілелер туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме хатында беріледі, сондай-ақ акционерлер мен инвесторлардың назарына Заңда және Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңында қарастырылған тәртіпте жеткізіледі. Нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің он немесе одан да артық пайызын құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле бойынша ақпаратта мәміле тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен қатысу үлестерінің көлемі туралы, мәміле туралы сондай-ақ басқа да ақпарат берілуі тиіс.

4. Банк жылдық қаржылық есептілікті уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп пен мерзімге сәйкес ұсынады.

37-бап. Банктің аудиті

1. Банктің жылдық қаржылық есептілігін тексеріп, дұрыстығын растауды, сондай-ақ оның жұмыстарының ағымдағы жай-күйін тексеруді, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарын ескере отырып Қазақстан Республикасының аудит қызметі туралы заңына сәйкес аудит жүргізуге құқығы бар аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Тексеру нәтижелері мен тексеру бойынша жасаған өз қорытындыларын аудиторлық ұйым Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасына ұсынатын есебінде баяндайды.

3. Банк аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Банк есебінен немесе ірі акционердің талабы бойынша оның өз есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өзі дербес анықтауға құқылы. Аудит ірі акционердің талабы бойынша жүргізілген жағдайда Банк аудиторлық ұйым сұрататын барлық қажетті құжатты (материалдарды) ұсынуға міндетті.

38-бап. Банк акционерлеріне өзінің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналымға шығарылған кезеңде Банк Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында және ресми тізіміне Банк бастамасымен оның бағалы қағаздары енгізілген қор биржасының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты, оның ішінде келесі ақпаратты ашуға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орталық депозитарий ашатын оқиғалар туралы ақпаратты қоспағанда, Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;

2) жыл қорытындысы бойынша Банктің Басқарма мүшелеріне жиынтық сыйақы мөлшері туралы ақпарат;

3) Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

4) Банк мұндай әрбір ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызына ие ұйымдардың тізімі;

5) Банктің жылдық қаржы есептілігі және Банктің аудиторлық есебі;

6) акцияларды Банк ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесі.

Банк қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында және ресми тізіміне Банк бастамасымен оның бағалы қағаздары енгізілген қор биржасының интернет-ресурсында тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ашуға міндетті.

2. Банк ресми тізіміне Банк бастамасымен оның бағалы қағаздары енгізілген қор биржасының интернет-ресурсында қор биржасының ішкі құжаттарында анықталған өзге ақпараттың ашылуын қосымша қамтамасыз етуге міндетті.

3. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (бағалы қағаздарды ұстаушыларға жеткізудің) өзге мерзімдері көзделмесе, аталған ақпаратты Банк ол туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ашады.

5. Банктің ақпаратты ашу тәртібі, Банк ашуы тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сонымен қатар Банктің қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

6. Банктің ақпаратты ашу тәртібі, Банк ашуы тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сонымен қатар ресми тізіміне Банк бастамасымен оның бағалы қағаздары енгізілген қор биржасының интернет-ресурсында Банктің ақпаратты ашу мерзімдері қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

39-бап. Банк құжаттары

1. Банк мынадай құжаттардың электрондық нысанда және (немесе) қағаз жеткізгіште сақталуын қамтамасыз етеді:

- 1) Банктің Жарғысы, Банк Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) құрылтайшылық жиналыстардың хаттамалары;
- 3) құрылтайшылық шарт (жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтайшылық шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (жалғыз құрылтайшының шешімі);
- 4) белгілі бір қызметті (операцияларды) жүзеге асыруға және (немесе) белгілі қызметтермен шұғылдануға берілетін рұқсаттар;
- 5) Банктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын айғақтайтын құжаттар;
- 6) Банктің бағалы қағаздар шығару проспектісі;
- 7) Банктің бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркеуін, бағалы қағаздардың күшінің жойылуын растайтын құжаттар, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған Банктің бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы есептердің бекітуін растайтын құжаттар;
- 8) Банк филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс беру нәтижелері бойынша хаттамалары мен бюллетендері (жарамсыз болып танылған бюллетендерді қоса), Акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
- 10) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылатын акционерлер тізімі;
- 11) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстардың шешімдері) және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Заңға, осы Жарғыға және Банктің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне сәйкес акционерлердің құқықтарын қозғайтын Директорлар кеңесі күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;
- 12) Банк Басқармасы отырыстарының хаттамалары (шешімдері);
- 13) Банктің Корпоративтік басқару туралы кодексі, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар.

2. Басқа да құжаттар, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім бойында сақталады.

3. Банк акционердің талабы бойынша Заңда және осы Жарғыда анықталған тәртіппен осы баптың 1 және 2-тармақтарында қарастырылған құжаттардың көшірмесін ұсынады.

Банк Басқармасы Төрағасының шешімімен құпия сипаттағы және қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттарды беру шектелуі мүмкін.

4. Акционерлер осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алу үшін қажетті құжаттардың атауы мен оларды пайдалану мақсатын көрсете отырып, Банк Басқармасы Төрағасының атына жазбаша өтініш білдіре алады. Өтініш Заңда белгіленгеннен жағдайларды қоспағанда, Банкке келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қаралуы тиіс. Осы мерзім ішінде Банк сұратылған құжаттарды беруге не құжаттарды беруден бас тартуға міндетті.

5. Банк акционердің талабы бойынша акционерге Жарғының көшірмесін, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды акционердің жазбаша өтінішін алғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде ұсынады.

6. Банк құжаттар көшірмесін бергені үшін ақы мөлшерін құжаттар көшірмесін дайындауға, құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты кеткен шығындар, сондай-ақ орталық депозитарийдің қызметіне төленетін ақы құнынан аспайтын мөлшерде белгілейді.

40-бап. Банк акционерлері мен лауазымды тұлғаларының өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі

1. Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің үлестес тұлғалары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі ережелерінде анықталған тәртіп пен мерзімде ақпарат беріп отырады.

2. Акционерлер мен лауазымды тұлғалардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат алу үшін Банк акционерлер мен лауазымды тұлғалар атына тиісті жазбаша хабарлама жібереді және (немесе) осы Жарғының 26-бабы 2-тармағында белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялайды, онда ақпараттың тізбесі, берілу мерзімі мен нысаны атап көрсетіледі.

VII тарау. Банк қызметінің тоқтатылуы

41-бап. Банкті қайта құру

1. Банкті қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, айыру, жаңарту) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Банкті қайта құру Акционерлердің жалпы жиналысының ерікті түрде қайта құрылуға шешімі мен уәкілетті органның берген рұқсаты негізінде мүмкін болады. Банкті қайта құру туралы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесі шығарады.

3. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі уәкілетті органға ерікті түрде қайта құруды жүргізуге рұқсат алу туралы қолдаухат беруге негіз болып табылады.

Банкті ерікті түрде қайта құру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. Егер қайта құрылғанда Банк өз қызметін тоқтататын болса, оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуы тиіс.

42-бап. Банктің таратылуы

1. Банк мына жағдайларда таратылуы мүмкін:

1) уәкілетті органның рұқсаты болған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен (ерікті таратылу);

2) Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде қарастырылған жағдайларда сот шешімі бойынша (күштеп тарату).

2. Банк таратылған жағдайда оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуы тиіс.

43-бап. Ерікті таратылу

1. Акционерлердің жалпы жиналысы Банкті ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда Банк жеке тұлғалардың депозиттерін оларды тікелей төлеу арқылы немесе уәкілетті

органның нормативтік құқықтық актісінде анықталатын тәртіппен депозиттерге міндетті кепілдеме беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын басқа банкке аудару арқылы қайтару бойынша шара қабылдайды. Жеке тұлғалардың депозиттері қайтарылғаннан кейін Банк уәкілетті органға оны ерікті түрде таратуға рұқсат ету туралы өтініш-қолдау хат жасауға құқылы. Уәкілетті органның рұқсатын алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарату комиссиясы құрылады.

2. Банк ерікті түрде таратылған кезде тарату комиссиясы қызметінің ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталады.

3. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Банк ісін басқару бойынша өкілеттіктер беріледі.

44-бап. Күштеп тарату

Күштеп таратуды сот мынадай жағдайларда жүргізеді:

- 1) Банк банкрот болғанда;
- 2) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша банк операцияларын жүргізуге берілген Банк лицензиясы қайтарып алынғанда;
- 3) уәкілетті мемлекеттік органдардың, заң актілерінде қарастырылған басқа негіздер бойынша Банк қызметін тоқтату туралы заңды және жеке тұлғалардың өтініштері (талаптары) негізінде.

45-бап. Банкті банкрот деп тану

1. Банктің төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі уәкілетті органның сотқа ұсынатын, пруденциалдық нормативтер есебінің әдістемесін (сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді) және Банк капиталының мөлшерін ескере отырып жасалған қорытындысымен бекітіледі.

2. Банк тек сот шешімімен белгіленген тәртіппен ғана банкрот деп танылады.

3. Дәрменсіз Банкті оның кредиторлары мен Банктің өзінің шешімі бойынша соттан тыс жолмен таратуға жол берілмейді.

46-бап. Банк таратылғанда кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру

1. Тарату (мүліктік) массасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен құралады.


2. Банк күштеп таратылған жағдайда кредиторлардың талаптары Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.

3. Банк қызметінің тоқтатылатыны туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін ол өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

47-бап. Таратылатын Банк мүлкін акционерлер арасында бөлу

Кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған Банктің мүлкін тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен акционерлер арасында бөледі.

Уәкілетті тұлға


Айсылу Меттевова Улут Бәлетқановна

**Устав
акционерного общества
«Народный Банк Казахстана»**

Утвержден решением
Общего собрания акционеров
АО «Народный Банк Казахстана»
от «25» мая 2023 года № 48

Алматы
2023

Настоящий Устав определяет правовое положение, порядок организации и функционирования, реорганизации и ликвидации акционерного общества «Народный Банк Казахстана», именуемого в дальнейшем «Банк», права, обязанности, условия защиты прав и интересов акционеров и третьих лиц, полномочия и ответственность органов и должностных лиц Банка.

Настоящий Устав разработан и утвержден в новой редакции в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» от 31 августа 1995 года № 2444, именуемым в дальнейшем «Закон о банках», Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года № 415, именуемым в дальнейшем «Закон», и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

Глава I. Общие положения

Статья 1. Наименование Банка

1. Полное наименование Банка:

- а) на казахском языке: «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы;
- б) на русском языке: акционерное общество «Народный Банк Казахстана»;
- в) на английском языке: Joint Stock Company «Halyk Bank of Kazakhstan».

2. Сокращенное наименование Банка:

- а) на казахском языке: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;
- б) на русском языке: АО «Народный Банк Казахстана»;
- в) на английском языке: JSC «Halyk Bank».

Статья 2. Правовой статус Банка

1. Банк является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией Банка в качестве юридического лица в регистрирующих органах Республики Казахстан и наличием лицензии уполномоченного государственного органа на проведение банковских операций (далее – «уполномоченный орган»).

2. Форма собственности Банка – частная.

3. Банк вправе приобретать доли участия в уставных капиталах или акции юридических лиц, а также создавать юридические лица на территории Республики Казахстан и за ее пределами в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

4. Банк в своей деятельности руководствуется Конституцией, законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом и внутренними правилами Банка.

Статья 3. Ответственность Банка и его акционеров

1. Банк несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

2. Банк не несет ответственности по обязательствам своих акционеров.

3. Акционеры не отвечают по обязательствам Банка и несут риск убытков, связанных с деятельностью Банка, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами.

4. Банк не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Банка, за исключением случаев, предусмотренных Законом, и случаев, когда Банк или государство принимают на себя такую ответственность.

Статья 4. Филиалы и представительства Банка

1. По решению Совета директоров Банк вправе создавать филиалы и представительства как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами. Филиалы и представительства Банка

